2026–2027 оқу жылының басталуына орай мектеп асханасының ыстық тамақпен қамтамасыз етуге дайындығын комиссиялық тексеру туралы

№ 2 АКТ

2026 жылғы 2 қыркүйек

Комиссия құрамында:

мектеп директоры - Мухамедин С.Қ.
тәрбие жұмысы жөніндегі директордың орынбасары – Жирнова С.С.
мектеп медбикесі – Пичугова Н.Е.
әлеуметтік педагог- Бижигитов Т.Ж.
ата-аналар комитетінің төрағасы – Даиров Д.М.
ата-аналар комитетінің мүшесі – Едоменко И.И.
қамқоршылық кеңестің өкілі – Қасенова Ж.А.
Комиссия мүшелері жоғары көрсетілген құрамда 2026 жылғы 12 қазанда сағат 11:00-де мектеп асханасының жұмысын тексерді және осы актіні жасады.

Тексеру барысында төмендегілер анықталды:

Тағамдардың дәмін татып көру барысында комиссия мүшелері олардың дәмдік сапасы белгіленген талаптарға сай екенін, ал дайын тағамдардың шығымы нормаға сәйкес келетінін атап өтті. Алайда асбұршақтан дайындалған «Бұршақ» езбесінің қоюлығы талапқа сай болмай, сұйықтау болғаны және асбұршақтың толық піспегені анықталды. Осыған байланысты аспаз Баимбетова Эльвира Қаратаевнаға ескерту жасалды. Мектеп асханасында білім алушылардың тамақтануын ұйымдастыру сапасын бақылау, сондай-ақ дайын тағамдардың нақты порция салмағының бекітілген ас мәзірінде көрсетілген нормаларға сәйкестігін тексеру мақсатында бақылау өлшеуі жүргізілді. Тексеру барысында дайын тағамдардың порциялары өлшеніп, олардың салмағы белгіленген нормалармен салыстырылды. Бақылау өлшеуінің нәтижесінде дайын тағамдардың нақты порция салмағы бекітілген ас мәзірінде көрсетілген шығым нормаларына сәйкес келетіні анықталды. Комиссия мектеп асханасының қызметкерлеріне дайын тағамдардың белгіленген шығым нормаларын қатаң сақтауды, порциялардың нақты салмағының бекітілген ас мәзіріне сәйкес болуын қамтамасыз етуді және білім алушылардың тамақтану сапасы мен оны ұйымдастыруға жүйелі бақылау жүргізуді ұсынады. Акт мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыруға қойылатын талаптардың сақталуын бақылау мақсатында жасалды. Комиссия мүшелері ұсынылатын тағам порцияларының балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыратынын атап өтті. Тексеру жүргізілген сәтте мектеп асханасында 1 аспаз, 1 наубайшы және 3 асүй жұмысшысы қызмет атқарады. Асхана қызметкерлері медициналық тексеруден өткен және жұмыс істеуге рұқсаты бар.

Қорытынды:

Тексеру нәтижесі бойынша мектеп асханасының, ас блогының және қолда бар технологиялық жабдықтардың жай-күйін тексеру жүргізілген сәтте қанағаттанарлық деп бағаланды.

Комиссия мүшелері:

С. Мухамедин
С. Жирнова
Н.Пичугова
Т. Бижигитов
Д. Даиров
И.Едоменко
Ж.Касенова
Г. Нуралина